

«Менің әдістемем» әдістемелік кеңесі

6 қаңтар күні БКМ мұғалімдерінің әдістемелік кеңесі өтті. Тақырыбы – «БКМ сабақты өткізудің түрлері. «Менің әдістемем» мектеп сайысын өткізу. Жобаларды қорғау, ашық сабақтардың фрагменттері».

Кеңес сабақтардың фрагменттерін өткізу түрінде өтті. Әр мұғалім өзінің әдістемесін, қолданатын педагогикалық технологиясын дайындады және қорғады. Тәжірибемен өзара бөлісу, сондай-ақ тапсырмалар мен мәселелерді талқылау өтті.

Ирина Владимировна және Оксана Вениаминовна БКМ-гі сабақтарды өткізудің алуан түрі жайлы хабарламаны дайындады.

Назым Қайратқызы БКМ-нің ең кіші тәлімгерлерімен сабақ өткізудің ерекшеліктерімен, сонымен бірге балаларды сабақтың тақырыбымен таныстыру үшін жұмбақтарды дайындау, дене шынықтыратын жаттығуларды ұйымдастыру амалдарымен бөлісті. Сабақ соңында «өткен сабақтың нәтижесі» презентациясын өткізуді ұсынды.

Татьяна Александровна дудлинг пен зентанглды қолдану арқылы сурет пәні бойынша қызықты жаттығулармен бөлісті.

Сергей Николаевич сурет пәні бойынша сабақты нобайлармен (портреттер, фигуралар) жұмыс істеу ретінде аяқтауды ұсынды. Сол арқылы мұқияттылық, байқағыштық, тез әрі нақты сурет салу дағдысын дамытуға болады. Өзінің тәжірибесімен, сондай-ақ бұл бағыттағы негізбен бөлісті.

Дужан Нұроллаұлы 1 курс оқушыларына «Сурет» секілді күрделі пәнді жүргізудің амалы туралы қысқаша курс өткізді. Ол қосөлшемді, үшөлшемді суретті қалай түсіндіру керектігін айтып, қаңқаны жасау мен натюрморты құрастыру тәжірибесімен бөлісті.

Ақмарал Бөрібайқызы сурет пен кескіндеме пәндері бойынша күрделі қойылымды салу алдында оқушыларға сенімділік сезімін бекіту туралы айтып берді.

Оксана Вячеславовна кескіндеме сабағы барысында рефлекс пен оның қалыптасуы жайлы дұрыс түсіндірудің бірнеше мысалын келтірді. Баланы анализ мен зерттеуді өздігінен орындауға үйрету жайлы баяндады.

Жалғас Амангелдіұлы «Мүсін» пәні бойынша шеберлік сыныбын өткізіп, жануардың маскасын жасау мысалы арқылы сырт пішінді орындаудың не екенін түсіндірді.

Руслан Юрьевич натюрмортты құрастырудан бөлек, үйлестірудің маңыздылығы туралы өзінің тәжірибесімен бөлісті.

Салтанат Бейсембекқызы заттың, қол мен басқа да суреттің 3Д моделін креативті орындаудағы мысалын келтірді.

Наталия Владимировна сабақтағы тәрбиелік мәселелерді шешу жолдарымен, сабақ барысында оқу үрдісін ұйымдастыру және оқушылардың әлдеқайда көп нәрсені үйренуге деген талпынысын ояту жайлы тәжірибесімен бөлісті.

Кеңес жақсы жұмыс қарқынымен өтіп, сабақ беру сапасын жетілдіру үшін зор әсерін тигізді, мұғалімдердің кәсіби шеберліктерін және педагогикалық ұжымның шығармашылық әлеуеттерін көтірді. Нәтижесінде, бұның бәрі БКМ-нің оқу-тәрбие үрдісінің сапасы мен тиімділігін арттыруға ықпал етеді.